



Бекітімді:
Балабақша мемлекеттік
А. Ерніпович

Тексерілді:
Балабақша әдіскері
А. Шунишалиева *М. Сары*

«Дидактикалық ойындар»

Үйірме жұмысы

«Құлыншак» ортаңғы тобы

Топ тәрбиешілері: Рахметова С

Жандаuletova ♂

2021-2022 оку жылы

Ойын дегеніміз үшқын, білімге құштарлық пен
еліктеудің маздап жаңған оты.

Ойыныз, музыкасыз, творчествосыз, фантазиясыз
толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды.

В.М. Сухомлинский

Кіріспе

Ойын - бала оміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортанды, омір сүріп отырган айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп, ұтынады. Алайда жақсы, дұрыс үйымдастырылған ойын гана тиісті, қалағаныңдай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден - бір көмекшісі десек те болады.

Дидактика - термині гректің «дидақтос», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнағы әзірленеді. К. Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескеріп, былай деп жазады: «Бала табигаты көрнекілікті аса қажетсінеді. Балага өзіне белгісіз бес сөзді жалаң үйрете бастасаңыз, көп уақытты зая кетіріп, босқа киналасыңыз. Ал енді жиырма сөзді суреттермен байланыстыра үйретсеңіз, бала оны лезде қағып алады. Сіз балага қарапайым гана ойындың қанша түсіндірсөніз де, онай ұта қоймайды. Дәл сол ойды күрделі суреттер көрсете баяндасаңыз, ол сізді тез түсінеді».

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Бала әрбір затты ұсталп, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Балабакшада бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рол атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар (Ж. Аймауытулы, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайтыров, т. б) өз еңбектерінде айтып кеткен. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жоғанде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Дидактикалық ойындар арқылы баланың математикалық қабілеттерін оятудың әсерін Ресей ғалымдары Т. В. Лодкина, А. И. Захаров, В. С. Мухина, А. М. Леушина, Е. И. Щербакова, Е. О. Смирновалар атап көрсеткен. Дидактикалық ойындардың ықпалының баланың сезініш, түйсіну және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А. В. Запорожец, А. Д. Кошелева және т. б. белгілеген. Дидактикалық ойын баланың коршаган дүние туралы түсінігін көнектіп және оны бескітіп нақтылайды және ойлай білуге баулып, сөздік қорын есіреді, ақыл - ой кызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын – балалар үшін оқу да, енбек те.. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларга белгілі – бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру максатын көздейтін іс -әрекет.

Максаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

1. Ойын әрекетінің әр түрін қамтитын және балалардың жалпы дамуына көмектесетін түрлі дидактикалық ойындарды қолдану;
2. Заттардың қасиеттері туралы балалар түсінктерін кеңейту;
3. Заттарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету;
4. Заттардың функционалды қызметтеріне қарай топтастыру іскерліктерін дамыту;
5. Дидактикалық ойындар арқылы баланың қызыгуышылығын туғызу және ақыл - ой белсенділігін арттыру.

Мазмұны:

Заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аудару ойындары

Кол мен саусак ұштарының құмылдарын және сенсормоторлық кеңістік, «көз, кол» үйлесімділігін дамыту ойындары

Заттардың ерекше қасиеті, түсі, колемі, пішінін корсету ойындары

Балалардың тілін, сөздік қорын дамыту ойындары

Эстетикалық талғамын, шыгармашылық қиялдау қабілетін дамыту ойындары

Тақырыштық жоспар үлгісі

	Ойының тақырыбы	Сағаты	Мақсаты	Шарты	Көрнекілігі
1	«Әдемі гұл»	1	Түстер туралы үгымын бекіту, түстердің атын білуге машиқтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту	Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен тажайып сәт үйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алыш іскейді де, тыныс шыгарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маган көмектесесіндер ме?» -деп сұрақ қояды. Ол ушін гүлдердің түстерін анықтайық. Эркайсын жерден жинап алған гүлдің түсін атауларын керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады	Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер
2	«Әуе шарлары»	1	Берілген үлгіге қарап түстерді сәйкестендіріп таңдау жолдарымен таныстыру	Балаларға «Әуе шарлары» ойынын ойнайтындығы айтылады. « Балалар, түрлі түсті әуе шарлары мен осы түстес жіптеріміз бар. Қазір фланелеграфта жіптер пайда болады» - деп бірдей арақашыстықта тігіне алты жолакшаны фланелеграфка орналастырады. «Енді әрбір жіпке түсіне қарай шарларды байлаймыз» -деп 1-ін көрсетіп, калғандарын балалардың өздеріне жасау ұсынылады. Әрі қарай балалар үлестірмелі заттармен жұмыс жасайды	Магнитті тақта немесе фланелеграф, жіңішке картон жолакшалары (15x0.5 см) 6 түсті, диаметрі 10 см 6 түсті дөңгелек, Үлестірмелі заттар: әртүрлі жолакшалары бар ак паракты жолакша

3	«Не кайда тұрады?»	1	Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	Балаларға иттің, коянның, койдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұраптар кою арқылы , әрқайсының түрү орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға үя, койға-кора, коян-коршауға)
4	«Суреттерді құрастыр»	1	Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік аракатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні қөшіру іскерлігін дамыту	Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі
5	«Жемістерді жина»	1	Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту	Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзенкеге, орташаны орташа кәрзенкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзенкеге салуладың керек» - деп ортага 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілінің, ойын әрі қарай жалғасады
6	«Үлкен-кіші»	1	Түстер туралы	Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың Ойыншықтар мен

			білімдерін бекіту, заттарды колеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген создерді колдана отырып, зейінін, есте сақтауды, ойлауды дамыту	суреттерін атай отырып колемдерін ажыратады	жануарлар суреттері
7	«Түсіне қарай таңда»	1	Түстер туралы ұғымдарын көсіптеу, ойынға қызыгуышылығын арттыру	«Балалар, бұған біз «Түсіне қарай таңда» ойынын ойнайды. Сендердің колдарында түрлі түсті боліктері бар кілемшелер бар. Қарандаршы, қандай әдемі ойнаптық» - деп көк машинаны көрсетеді. Бұл көк түсті машина. Ал мынау не?-қызыл түсті машина. Бұлардың айырмашылығы неде? (түстерінде) Ал енді кілемшениң ұяшықтарына түстері сәйкес келетін ойнаптықтарды таңдандар-деп балаларға тапсырма береді. Енді біздің машинадарымыз кілемшелерге жасырының қалды деп, ойынды әрі қарай жалғастырады	30x20 см картон кілемпіе 6-бөлікке болінген. Боліктері 10x10 см
8	«Сипаттамасы бойынша тап»	1	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту	Сөреке аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойнаптықтар кояды. Эрбір ойнаптықтарды анықтаңып, атын қайталайды. Балалардың бірсеуін болмeden шыгарып, ойнаптықтар туралы жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қылыш көз, қысқа қүйрек» - бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, колына сол ойнаптық беріледі де, жұмбақ қайта айттылады.	Жануарларды бейнелейтін ойнаптықтар
9	«Түрлі түсті	1	Балаларга түстердің	Балаларға айналмалы тұғыр және әр түсті қағаздан	Орамал мен сарафаны бар

	сарафан»		өзгеруін корсету арқылы, бір түстен екінші түске көшу және түстер арасындағы байланысқа назар аударту	қырқылған дөңгелек пішіндер таратылады. Тәрбиеші: «Балалар, бүтін бізге көңілді биші қызы конакқа келді. Карапдаршы оның үстіндегі сары түсті сарафаны қандай әдемі! Күйршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны ете көп екен» - деп қағаздан қырқылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес, сиқырылы сарафан екен, ол билеп кетсе болғаны сарыжасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеуді	қыздың бейнесі орналастырылған тұғыр, диаметрі 4.5 см қызыл, сары, көк түсті қырқылған дөңгелектер
10	«Таныс пішіндер доминосы»	1	Геометриялық, пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауга жаттықтыру	Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуі бірінші суретті үстелдің ортасына кояды, калған балалар суретке сәйкес озінің суретін кояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді	Пішіндер бейнеленген суреттер
11	«Күйршақ конакқа дайындалуда»	1	Ұзын-қыска, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру	Күйршақ конакқа барады, киімін киоғе, шашына бантік таңдауға комектесуді ұсыну. Көп бантіктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантікті табу керек. Әдемі бантіктермен күйршақтың шашын асемдеу	Ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар
12	«Әдемі пішіндер» ойны	1	Баланың шыгармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық	Ойын үшін алдын ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Тәрбиешілер балаларға геометриялық пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды, мысалы, геометриялық пішіннен жануар бейнесін жасайды	Геометриялық пішіндер үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопакша

			к пішіндерден түрлі бейнелер күрай білуге үйрету		
13	«Суретті тіз»	1	Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету	Тәрбиеші балалардың алдына суреттерді қояды да атайды. Сосын оларды бірінші дыбысын есітуіне қарай топтастыруын сұрайды. Мыс.: с-сабын, сұлғі, сурет, сиыр, сарымсақ, п-пальто, піл, пияз, парак, парта т.б	Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер. Эр дыбысқа бірнеше суреттер
14	«Кім не жейді?»	1	Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс күруды және түсіндіре білуді дамыту	Осімдіктер мен жануарлары бар кәртішкелер жинағын дайындаиды. М/ы: шөп-қоян-қасқыр: шаян-балық-итбалық-ақ аю: шырша бүршігі-тиін-сусар: есімдік (шырын)-көбелек-бақа-құтан және т.б. Балаларға кәртішкелер таратылады.(кәртішкелерді лайықты суреттермен бетперделермен ауыстыруға болады)	Осімдіктер мен жануарлар бейнеленген суреттер
15	«Шыршаны безендіреміз»	1	Түстеріне қарай топтастыруға үйрету	Балаларға шырша ойыншықтарының силуэттері таратылады. Мольбертке шырша бейнесі бейнеленген планшет орналастырылады. Тәрбиеші: -«Балалар жақында бізде жана жыл мерекесі келе жатыр. Соған біз шыршамызды түрлі түсті ойыншықтармен безендіріп кояйық»- деп ұсыныс тасталды. Эрқайсыларының қолдарында белгілі бір түсті ойыншықтарын бар, мен казір бір түсті атаймын, сол түс кім де бар, сол бала шыршага келіп ойыншықты іледі. Бірінші қызыл түс, соңан соң сарғылт, сары, жасыл, көк, көгілдір т.с.с	Планшет 30x50 шырша бейнеленген. Түрлі түсті қағаздан қырқылған 2 шт шырша ойыншықтары
16	«Апта	1	Апта күндерін атап.	Ариайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру.	Апта күндерін шартты

	күндері»		есте сактай білуге үйрету	Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тактага шыққан бала карточкага сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиепі бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, түрш қалмай алдыға шыгу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тактага шығады	түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка
17	«Сипатына қарай шешуін тап»	1	Заттарды касиетіне қарай айыра білуге тәрбиселей отырыш, байқампаздықка бауду	Тәрбиеші суреттер көрсетеді. Мұғалардың суреті – «Балалар сендердің алдарында ақшакардың суреті бейнеленген кәртішкелер бар. Бір караганда олардың бәрі бірдей сияқты, бірақ анықтап қарасандар оларда өзгешеліктер бар. Осыған байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауга шақырамын». Ақшакардың бетіндегі қандай өзгірістер бар? -екі көзі, бір қызыл мұрыны бар -бастарында ше? -біреуінде шелек, екіншісінде кастроль -колдарында қандай өзгерістер көріп тұрсындар? -сышырғыш, күрек, таяқшалар біреуінде он, ал екіншісінде сол колдарында -түймелері нешеу? -ұш, торт т/б	Заттық суреттер: ақшакарлар, жиналмалы қуыршақтар, жатпайтын қуыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістерімен
18	«Түрлі түсті моншақтарды үзу»		Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету	Конакқа қуыршақ немесе аю келеді, озімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншак жасауға комектесулерін сұрайды. Тәрбиеші екі түсті моншакты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, соナン соң ақ моншакты тіземіз – дең көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады	Ақтүсті -8 қызыл түсті - 8 моншактар, диаметрі-2 см. Жіппер және корапшалар
19	«Иісі бойынша		Сезім түйсігін,	Тәрбиеші баланың көзін таңып байладап, табакқа	Жеміс-жидектер

	анықта» ойны		коршаган ортага қызыгуышылығын дамыту	кезекпен түрлі жемістер мен көкөністерді салады, мысалы: алма, лимон, пияз, қызылша, сәбіз және т.б. Бала бұл қандай жеміс немесе көкөніс екенін исі бойынша аныктап, оларды атайды	
20	«Гараждар»	I	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау кабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету	Ойынның мазмұны: балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктерінді гараждарына апарып койындар» - деген кезде, рульдегі суреттіне ұксас суреті бар гараждың жаңына барып тұра қалады	Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар
21	«Кімге не керек»	I	Түрлі мамандықтың енбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Тәрбиеші тақтага әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті қурал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-ине, құрылышыға-қалак, мұғалімге-кітап т.б	Әртүрлі мамандыққа қажетті қурал-жабдықтар бейнеленген карточкалар
22	«Бұлар нелер?»	I	Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету	Балаларға суреттер корсету арқылы олардың атауларын, немен коректенетінің, тіршілігін айту. М/ы: мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ст-жабайы аң т.б	Үй жәнс жабайы жануарлар суреттері
23	«Тәрелкесіне қарай кесесін	I	Түстер туралы ұғымдарын көңейту	Тәрбисші қызыл, жасыл, сары түсті қызыстарды полотнога орналастырып былай дең әңгімелейді: Дүкенге алдымен	Картондан қырқылып полотнога

	таңда»			тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сореге сары түсті, ортанғы сореге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрак қойып кайталатады. Соңан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға комектесейікшіден балаларды ойнынға шақырады.	орналастырылғанәр түсті кеселер мен тәрелкелер
24	«Қане, сойлесейік» ойны	1	Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып, қуанышты қоңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру	<p>Тәрбиеші нақты тақырыбын таңдайды. Мысалы, апаниң тұган күніне сыйлық таңдау. Тақтада әр түрлі сыйлыктар орналастырылған.</p> <p>Тәрбиеші балаларға осы тақырыпка байланысты сұраптар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Бүгін сендердің аналарының тұган күні делик, сен анаңа не сыйлар едін? - Сен неліктен осы сыйлықты таңдадың? - Бұл затпен не істеуге болады, сен калай ойлайсын? 	Гүл, күн, ыдыстар, шаңсорғыш, еттартқыш, жихаздар т/б
25	Жыл мезгілі	1	Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату	Мольбертте 4 жыл мезгілінің суреті орналастырылған. Балаларға 4 жыл мезгіліне байланысты табиғат құбылыстары бейнеленген көртішкелер таратылып беріледі. Тәрбиешінің сұрагына байланысты қай зат қай мезгілде қолданылады, көртішкелердің сөзін сәйкес орналастырады	Табиғат құбылыстары бейнеленген көртішкелер
26	«Өркімге өз үйі»	1	Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық	<p>Балаларға аңдардың суретін қөрсетіп сұрай:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Сендер мына аңдарды білесіндер ме? -Аңдарға үйлерін табуға кемектесеміз бе? - деп дайын үйлер терезесіне бейнеленген аңдарды орналастырады 	6-түсті (қызыл, сары, жасыл, кок, коңыр, қызылсары) үй және аңдардың

			кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Тұстерді ажыратуға үйрету	(коян, қасқыр, аю, тұлкі, кір пі, тышқан) суреттері	
27	«Әр кұска өз орны»	1	<p>Суда жүзетін, жыртқыш және батпакта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасау</p>	<p>Тәрбиеші таблицадагы құстар жайлы шагын әңгіме тындауды ұсына отырып, құстардың аяқтарының құрылымдарына, тұмсықтарына, ерекше назар аударулады. Өйткені бұл сипаттамалар құстардың тіршіліктерінің белгілері болып табылады.</p> <p>Бүркіт туралы әңгіме</p> <p>Бүркіт – жыртқыш құс. Ол құстармен андарды аулап өмір сүреді. Ол биікте отырып, жердегі корегін андиды. Ол бүгілген тынрагы мен мықты аяғы және иілген мықты тұмсығы арқылы өз корегін жібермей үстайды.</p> <p>Тырана</p> <p>Өзен, көл жағалауындағы батпактарда өмір сүреді. Оның мойыны, тұмсығы, аяғы үзын болып келеді. Ол көлдердегі су жәндіктерімен коректенеді.</p> <p>Қаз</p> <p>Өзен, көлдерде жабайы қаздар болады. Олардың аяқтарының табан асты бұлшық еті болады. Қаздар сондыктан суда тез жузе алады. Үзын мойынын суға тығыш өз корегін табады.</p> <p>Сонан соң тәрбиеші балаларды бір-бірлеп қасына шакырады.</p> <p>Әр бала бір суреттен алғыш бүркіттің, тыринаң немесе қаздың қасына орналастырады. Мұғы: жапалакты бүркіттің қасына орналастырдым, өйткені ол да жыртқыш құс т.б</p>	<p>1). 9 бөлікке бөлінген таблица, бірінші қатарда: бүркіт, тырана, каз</p> <p>2). Құстар бейнеленген суреттер (жапалак-жыртқыш құс, тырана батпакта, ақку, үйрек-суда жүзетін)</p>
28	«Дүкен» оійны	1	Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу,	Тәрбиеші балаларды жартылай шенбер бойына отыргызып, балаларға айтады: «Бізде жаңа дүкен ашылды. Онда қандай жаңа ойыншықтар бар екенин көрейік. Сендер	Ойыншықтар, суреттер

			затты сипаттамасына орай тануды дамыту	оыйншық сатып аласыңдар ма? Ол үшін ереже сақтау керек. Ойыншықтың атын атамай, көрсетпей, сипаттай беру керек». Сипаттауга қарай сатушы езі тауып, алғы береді. Қысқа санамақтың көмегімен балалар сатушыны таңдайды. Тәрбиеші ойыншықты сатып алу ережесін көрсетеді. Тәрбиеші: - «Мен ойыншық сатып алғым келеді. Қоңыр, маймақ аяқ, балды жақсы кореді». Сатушы сатыш алушыға ойыншық аюоды береді. Ойын барлық қатысушылар өздеріне ойыншық алғып болғанга дейін созылады.	
29	«Мені кім шакырды?» ойыны	1	Өз күрбі-күрдастарының дауысын тани білуді дамыту	<p>Балалар шенбер бойына тұрады, бір балага шенберден шығуын сұрайды, бірнеше қадам жерде шенберге арқасымен тұруы тиіс. Тәрбиеші шенберден шықкан баланы шакыратын баланы таңдайды. Шықкан бала қайта келіп, кім шакырганың айтуы керек:</p> <p>- Мені шакырган сен, Аңсар.</p> <p>Егер бала дұрыс тауып, бірақ есімін ұмыттып қалса, шакырған баладан сұрауына болатындығын тәрбиеші айтыш ескертеді. Әдетте балалар ең алдымен саусаклен көрсетеді. Соңдыктan тәрбиеші қадағалап, толық жауап беруін талап етуі тиіс</p>	
30	«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	1	Кеністікті бағдарлай білуге үйрету. Он-сол, алдында-артында үтімдарын бекіту	Тәрбиеші ойыншықтарды толтың әр жеріне қояды: баланың он жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-куыршақ, артына-зымыран қойып бытай дейді: «Алдында куыршақ, он жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»	Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері

31	«Үйдің есігін жабайық»	1	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілестін дамыту	Ойының мазмұны: қағаздан қыылған, есігі жок үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну	Ойының құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері
32	«Кім есінде көп сақтайды?»	1	Көзбен көріп есте сактауды дамыту	Тәрбиеші балаларға кезекпен бірнеше суреттер көрсетеді, онда әртүрлі заттар бейнеленген. Балалар мұқият қарап, 1-2 минут аралығында есте сақтайды. Содан кейін тәрбиеші суреттерді алыш тастайды да, балаларға оларды атап көректігін, яғни кім қайсысын есінде сақтағанын сұрайды. Кім көп атаса, сол – женімшаз болады	Алма, жұзім, банан, ерік т.б жемістердің суреттері
33	«Бакша да ма, бау да ма?»	1	Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру	Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Сонау сон көкөністердің жерде, жемістердің талда есстінің түсіндіру арқылы сұрақтар көйлип, балалардың ойынга қызыгуышылықпен қатыстырады	Жемістер мен көкөністердің суреттері
34	«Сыпайы болу» жаттығуы	1	Ойлауды, сойлеуді дамыту, ересектерге және күрдастарына сыпайы қатынас	- Балалар, сикырлы сөздер бар, яғни олар көніл-куйді көтеруге көмектеседі. Бұғін біз дұрыс және сыпайы отініш жасауды үйренеміз. - Сіздің өз күрдасыңызға етініш білдіргеніңізді елестетейік. Оны калай жақсартуға болады? Қалай	

			жасауга және отініш білдірге үйрету	<p>ойлайсыздар?</p> <p>Міндетті тұрде атын атап, көзіне қарап, «өтінемін» сөзін ұмытпау керек. Байқап көрслік:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Аңсар, отінемін, допты маган берші. - Гүлнәр, егер қын болмаса, ойыншылтарды жинауға көмектесші. <p>- Арай, маган түймемді салуға көмектесші, отінемін.</p> <p>- Ал, сиді көшеде бейтаныс адамнан дүкеннің қайда екенін сұрау керек болса, былай айтуда болады:</p> <p>Гафу етініز, ... Кешірініз, Маган көмектесіп жіберінізші, отінемін.... Жагдайга байланысты бірнеше нұсқаны ойнап көрсете керек.</p> <p>Егер тәрбиешіге, анасызға немесе ересектердің бірінен сұрағының келсе, ал ол кісі сол сәтте басқа біреумен сейлесіп отырса, не істеуге болады?</p> <p>«Кешірініз, отінемін, сезінді бөлейін, Сізді бола ма?» «Кешірініз, Сіздерге кедергі келтіргеніме, сұрак койсам бола ма?»</p> <p>Сіздер сыпайылық ережесін және жақындарынызға куаныш сыйлауды ұмыттайсыздар деп сенемін</p>	
35	«Кім қандай, айтып бер» ойныны	1	Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуга үйрету	<p>Тәрбиеші балаларға әртүрлі жануарлар бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жануар екенін, не істей алатынын айтады. Мысалы: Тулкі, кызыл-сары, ете күйлакер. Ол орманда, далада өмір сүреді, тышкан, қоян аулайды.</p> <p>Басқа жануарларға да қатысты сипаттама беріледі</p>	Жануарлардың суреттері

36	«Тұрлі түсті заттар» ойыны	1	Түстеріне қарай заттарды тоңтастыра білуді үйрету	Тәрбиеші балалармен бірге шенберге тұрады және ойын ережесін түсіндіреді: «Мениң көлымда доп бар. Мен бір түсті атамын да, біреулеріңе допты лактырамын. Допты кім ұстал алды, сол осы түсті затты атап, содан кейін кез келген түсті атап, тагы біреуге допты лактырады. Ол қағып алып, затты атайды және т.с.с. Мысалы, «жасыл» (тәрбиеші жасыл түсті заттарды есіне түсіру үшін кішкентай үзіліс береді) және Динаға допты лактырады. Дина «қияр» деп жауап береді. Дина жауап берген сон, допты келесі ойыншыға «көйілдір» деп лактырады және т.б. Бір түс бірнеше рет қайталануы мүмкін, себебі бір түсті заттар көп. Ойында тез жауап бере алу керек	Доп
----	----------------------------	---	---	--	-----

Барлығы 36 сағат